

Тарбағатай ауданының Жаңаауыл ауылдық округінің Ахметбұлақ ауылында карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жаңаауыл ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № 7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 07 шілдеде № 4019 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жаңаауыл ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Жаңаауыл ауылдық округі әкімінің 03.04.2025 № 3 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілсін).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабаның 2-тармағына және "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 231 ұсынысы негізінде Жаңаауыл ауылдық округінің әкімі

ШЕШТІ:

1. Тарбағатай ауданының Жаңаауыл ауылдық округінің Ахметбұлақ ауылына мүйізді ұсақ малдарынан шешек ауруының шығуына байланысты карантин белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысына (Б. Қажекенов) тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу ұсынылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңаауыл ауылдық округінің әкімі

Д. Ниязбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық

бақылау және қадағалау Комитетінің
Тарбағатай аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесі басшысы
"25" мамыр 2015 жыл

Б. Қажыкенов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК